



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Қуандық Шаңғытбаев – халық жазушысы, ақын

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025



ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ (1925-2001)

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

Қуандық Шаңғытбаев – халық жазушысы, ақын

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2025

ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
III 24

***Қ. Шаңғытбаевтың 100 жыл толуына орай
биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Жумабаев
Қ.С., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы.
2025. – 13бет.***

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған биобиблиографиялық көрсеткіш Қазақ прозасында өзіндік орны бар, белгілі жазушы Қуандық Шаңғытбаевтың туғанына 100 жыл толуына арналып шығарылған. Көрсеткішке жазушының өмірбаяны, қоғамдық қызметі, еңбектері, т.б. туралы мәліметтер жүйесі енгізілген.

Қуандық Шаңғытбаев тілдің қадір-қасиетін ерекше сезініп, ділі мен өшпес рухы сіңген қазақ сөзін қадірлеп, аялап өткен ақын.

1943 жылы жас талапкердің тұңғыш өлеңдер жинағы – «Қазақ жүрегі» (Кейін «Ар» деп аталған) кітабына алғы сөз жазған М.Әуезов, ақын тілінің оралым-дылығын, «шіміркеніп, ширығып шыққан өтімді, әсерлі» екенін айтса, [«Қазақ жүрегі». Алматы; Қазақтың мемлекеттік біріккен баспасы, 1943.-3 б.»] Қалижан Бекхожин «Қуандықтың тырнақалды өлеңдерінде шығыс поэзиясының маржан сөздері жарқырап, ыстық леп-тер есетін еді. Қазақтың асыл сөз-ге жаны құмар бұл шайыры өзінің өлең-дерін шығыс ақындарынша әсем өрнектермен шебер нақыштайды» («Арма, республикам!» кітабына алғы сөзі), – деп Қуан – ағаның ерекшеліктеріне, суреткерлік мәнері мен тақырыпқа тал-ғаммен қарайтынына тоқталады.

Сырбай Мәуленов те, Қуандықтың «Әрбір сөзді сұрыптап, тандап, оған ой жүгін артып, тосын тұжырымдармен түйіндеуге күш салатынын» [Мәуленов С. «Шеберлік деген бір шың бар». «Жыр мен сыр» Алматы. «Жалын», 1991.-84 б.] сыр етеді.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Библиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Қуандық Шаңғытбаев 1925 жылы Қарабұтақ ауданында дүниеге келген. Әкесі Төлеген 1937 жылы «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыраған. Бала Қуандық пионер қатарынан шығарылған. Дегенмен сабағын өте жақсы оқып, 15 жасында Алматыдағы ҚазМУ-дің филология факультетіне оқуға түскен.

1940 жылы I курс студенті Қуандық Шаңғытбаевтың тұңғыш кітабы жарыққа шықты. Бұл — ұстазы Мәулен Балақаевпен бірге жазылған «Қазақ тілі» оқулығы. 1942 жылы «Қазақ жүрегі» деген атпен тұңғыш өлеңдер жинағын баспаға ұсынған. Бірақ 1942 жылы Мұхтар Әуезовтің «Абай» романына Бейсембай Кірісбаевпен бірігіп жазған рецензиясы үшін қудаланып, оқуын тастап, Ақтөбеге кетуге мәжбүр болған. Бұл жаққа Нұрпейіс Байғаниннің хатшысы ретінде жіберілген. Ал баспаға ұсынған алғашқы кітабы «Ар» деген атпен 1945 жылы ғана жарық көрді.

Екінші кітабы — «Аққу әні» — араға 23 жыл салып барып жарыққа шықты. Одан соң «Ар ма, республикам», «Жыр жаһаны», «Гүлтолқын», «Сарша тамыз», «Жыл құсы», т.б. жыр жинақтарын оқырманға ұсынды. Сондай-ақ Қ.Байсейітовпен бірігіп «Беу, қыздар-ай», «Ой, жігіттер-

ай», «Құтырғаннан құтылған» пьесаларын, «Алтын таулар» және «Айсұлу» операларының либреттосын жазды. Қуандық Шаңғытбаевтың өлеңіне жазылған әндер қазір де жиі орындалады.

Ақын 2001 жылы өмірден өтті.

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВ ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Күндер. Айлар. Жылдар. Токтауды білмейтін уақыт көші тынымсыз алға жылжыған сайын, күні кеше бірге тыныстап, бірге ғұмыр кешкен азды-көпті аралас-құралас, дәм-тұздас боп, жарық дүниеден бақилыққа ауысқан аяулы жандардың бет-бейне, жүріс-тұрыс, іс-әрекеттері де бұлдыр тартып, көмескілене беретіні табиғи жай. Жүре келе олардың көзін көріп, рухын әспеттейтіндер де сетінеп, селдірей түседі. Мен білетін, сен білетін күллі бір кезең, дәуірде айшықты ізі қалған тау тұлғалар біртіндеп елес-жұмбақ, аңыз-әфсанаға айналады. Әсіресе кейінгілерге. Әрине, олар халқына қыруар қызмет етіп, даңқын аспандатса, оларды халқы да жадында сақтап, есінде ұстайды. Әйтсе де... Жалындап, дабылдап, жаркылдап, ішкі жан жарасын сездірмей, сырт көзге қашанда шат-шадыман жүретіндей көрінетін қадірменді Қуан аға, арқалы ақын Қуандық Шаңғытбаевтың бүгінде кім қай қылық, қай сыр, кісілік, адами кескін-келбетін біледі, еске алады? Бұл тұрғыдан көкейді күпті етіп, сыртқа шығаруды күтіп, жүрек түкпірінде жүретін азын-аулақ жәй-түйлерді ортаға салсақ деуші едік. Соның реті енді келгендей. Қуандық Шаңғытбаевтың аты-жөні мектеп есігін ашып, қара

танығаннан мәлім-тін. Өлеңдерін оқыдық, өлеңдеріне жазылған әндер тыңдадық, қазақ өнерін күрт құлпыртып, дауысын асырған «Беу, қыздар-ай», «Беу, жігіттер-ай» пьесаларын Алматыдан да, ауылдық сахналардан да талай рет көріп, рухани сусындадық.

Бір өзі бір әлем, бір дәуір деуге сиятын Қуандық Шаңғытбаевтай заңғарлар да, дүлдүлдер де кетіп жатыр, өтіп жатыр ғой фәни жалғаннан. Беу, дүние-ай!

Зәкір АСАБАЕВ

ҚУАНДЫҚ ШАҢҒЫТБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1968

1. Шанғытбаев К. Акку эн!: Лирика / К. Шанғытбаев.
- Алматы: Жазушы, 1968. - 139 бет

1987

2. Шанғытбаев Қ. Жыл құсы: өлеңдер / Қ. Шанғытбаев.
- Алматы: Жазушы, 1987. - 232 бет суретті.

1995

3. Шанғытбаев К. Махаббат пен гадауат: Жана
өлеңдер / К. Шанғытбаев. - Алматы: Жеті жарғы,
1995. - 144 бет.

2002

4. Шанғытбаев Қ. Ар: өлеңдер / Қ. Шанғытбаев. -
Жазушы, 2002. - 120 бет.

2010

5. Шанғытбаев Қ. Таңдамалы: өмірі мен
шығармашылығы туралы. Т.1: Шайыр.Қуандық
Шанғытбаев / Қ. Шанғытбаев. - Алматы: "СаҒа",
2010. - 400 бет.
6. Шанғытбаев Қ. Таңдамалы: Т.1: Шайыр / Қ.
Шанғытбаев. - СаҒа, 2010. - 400 б.

7. Шаңғытбаев Қ. Өлеңдер,аудармалар: жинақ / Қ.Шаңғытбаев. - Алматы: Ан Арыс, 2010. - 272 бет. - (Алтын қалам).

2013

8. Шаңғытбаев Қ. Аудармалар : Т. 5. Шайыр / Қ. Шаңғытбаев. - Алматы : СаГа, 2013. - 400 бет.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 5

Қуандық Шаңғытбаевтың өмірі мен шығармашылығы. 7

Қуандық Шаңғытбаев туралы толғаныс..... 9

*Қуандық Шаңғытбаевтың еңбектерінің хронологиялық
көрсеткіші. 11*